



АТҚАРУ КОМИТЕТІ ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

22.02.2024 ж.

№ 31, 5-т.

2023 жылға арналған Кәсіподақтың құқық қорғау жұмысының қорытындылары туралы

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім салалық кәсіподағының Орталық комитеті аппаратының құқықтық жұмыстар, ЕҚЖЕҚ бөлімінің басшысы Р.М.Қыдырбаеваның «2023 жылға арналған Кәсіподақтың құқық қорғау жұмысының қорытындылары туралы» ақпаратын тыңдай және талқылай келе, Атқару комитеті құқық қорғау жұмыстарының XIV Съездің қағидаларымен, 2019-2024 жылдарға арналған Кәсіподақ қызметінің Бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылды және Кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталғандығын **атап өтті**.

Есепті жыл ішінде кәсіподақ мүшелерінің жалпы **47 565** өтініштері (2022 жылы – 37 662) қаралды, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда **26,3%** артық.

Өткен жылы көрсетілген заңды кеңес беру саны **21 221** құрады.

Zoom платформасы арқылы топтық кеңес беру жұмыстары сияқты жұмыс түрлері кеңінен қолданылуда.

Кәсіподақ заңгерлерімен келісу комиссияларында жеке еңбек дауларын қарау кезінде **547** (394) жағдай, бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда **38,8%** өсімді құрайды, сотта **42** (33) жағдай бойынша құқықтық көмек көрсетілді.

Есепті жылда құқықтық қызметтің көмегімен **32** заңсыз босатылған қызметкерлер - кәсіподақ мүшелері өз жұмыстарына қайта орналастырылды.

Қоғамдық бақылау құқықтық қорғаудың ең тиімді және маңызды түрі болып қала береді. 2023 жылы еңбек заңнамасының орындалуын қоғамдық бақылау аясында **2 101** тексеру жүргізілді. Бақылау барысында **3 727** еңбек заңнамасын бұзу фактісі анықталды. Оның **1 354** еңбекақыға, **857** еңбек қатынастарын тіркеуге және **354** жұмыс уақыты мен демалыс уақытына қатысты.

Заң қызметінің тиімділігін сипаттайтын негізгі сапалық көрсеткіштердің бірі – есеп беру жылында **694 928 734** теңгені құраған

заңсыз ұсталған немесе кәсіподақ мүшелеріне төленбеген, қайтарылған ақшалай қаражаттардың сомасы және заң қызметінің экономикалық тиімділігі, бұл **1 023 075 811** теңгені құрайды.

Орталық комитет аппаратының құқықтық қызметімен және мүшелік ұйымдармен құқықтық сұрақтар бойынша **73** әдістемелік нұсқаулықтар әзірленді.

Мүшелік ұйымдар мен Орталық Комитеттің аппараты қызметкерлері – кәсіподақ мүшелері мен жұмыс берушілер арасында еңбек заңнамасының негіздерін, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек жанжалдарында мәмлеге қол жеткізуді түсіндіру мақсатында бірлескен **184** семинарлар мен тренингтер өткізді.

Барлық деңгейдегі кәсіподақ органдары өз өкілеттіктері шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларына ұсыныстар дайындауға қатысады.

Өңірлер бойынша ең үлкен салмақ Алматы қалалық «Ұстаз» ұйымының құқықтық жұмыс жөніндегі маманына – **38 024** кәсіподақ мүшесі, Ақмола – **35 407**, Батыс Қазақстан – **35 139**, Павлодар – **34 890** кәсіподақ мүшесінен келсе, Жамбыл облыстық ұйымында құқықтық жұмыс жөніндегі бір маманға **5 026** кәсіподақ мүшесінен келетінін атап өткен жөн.

Ұйымдарда қоғамдық бақылау жүргізгендердің ең төменгі үлесін атап өтетін болсақ: Түркістан обл. – **1,5%** (3/196), Маңғыстау обл. – **4,6%** (15/327), Жетісу обл. – **8%** (38/477), Ақмола облысында – **8,7%** (66/757) және Шымкент – **8,3%** (8/96), Алматы «Ұстаз» қалалық ұйымдарында – **5,9%** (27/455).

Кәсіподақ мүшелерінің әртүрлі санаттары мен жұмыс берушілер өкілдерін құқықтық оқыту саласында, ұйым деңгейіндегі әлеуметтік әріптестікті ұйымдастыру жүйесінде әлі де шешілмеген мәселелер қатары аз емес.

Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының Атқару комитеті

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мүшелік ұйымдардың кәсіподақ органдарының басшылары Кәсіподақтың Орталық және Атқару комитеттерінің құқық қорғау жұмыстарын ұйымдастыруға қатысты қаулыларын орындауды қамтамасыз етсін:

- аппарат штатын білікті заңгерлермен толықтыруды қамтамасыз етсін;

- сайланбалы кәсіподақ органдарының мүшелерін, жұмыс берушілер өкілдерін, кәсіподақ мүшелерін кәсіподақтық оқыту аясында еңбек заңнамасының негіздерін құқықтық оқытуды ұйымдастыру жұмыстары күшейтілсін;

- кәсіподақ мүшелерінің арасында жеке еңбек дауларын шешу бөлігіне қатысты заңнама ережелерін түсіндіру бойынша жұмыстар жандандырылсын, өз күштерімен келісу комиссияларының мүшелерін оқыту бойынша жұмыстар жалғастырылсын;

- жұмыс берушілермен еңбек заңнамаларының, әлеуметтік әріптестік келісімдерінің, ұжымдық шарттардың орындалуына қоғамдық бақылау күшейтілісін, жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режиміне, еңбекақы төлеу мәселелеріне аса мән берілсін;

2. Кәсіподақ басшылығына (А.М. Мұқашеваға, В.Ф. Беженаровқа):

- ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында құқықтық қорғауды жетілдіру сұрақтары бойынша құқықтық еңбек инспекторларымен семинар-кеңес өткізу ұйымдастырылсын;

- Кәсіподақтың Атқару комитетімен бекітілген байқау туралы Ережеге сәйкес «Кәсіподақтың үздік құқықтық еңбек инспекторы» байқауын өткізу ұйымдастырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

Төраға



А. Мұқашева